

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641
Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 19 қантардағы N 725 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 962 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.04.02 № 962 Жарлығымен

Қ А У Л Ы Е Т Е М И Н :

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., N 35, 480-күжат; 2007 ж., N 17, 186-күжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған Жарлықпен мақұлданған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған

тұжырымдамасында :

5-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ұлттық қордың активтерін басқару

Ұлттық қорды басқару кезінде инвестициялық операциялардың негізгі м а қ с а т т а р ы :

Ұлттық қор активтерінің сақталуы;

Ұлттық қордың активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстап тұру;

тәуекелдің қалыпты деңгейі жағдайында ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қор активтерінің кірістілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Ұлттық қор активтерінің ұйымдық құрылымы Ұлттық қордың мақсаттарына с ә и к е с айқындалады .

Ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қор активтерінің кірістілігін қамтамасыз ету кірістіліктің қысқа мерзімді ауытқуын көздейді.

Ұлттық қордың активтерін басқару алдыңғы қатарлы практикаларды пайдаланумен осындай қорларды басқарудың әлемдік тәжірибесі ескеріле отырып және әлемдік қаржы нарықтарының конъюнктурасы ескеріле отырып жүзеге асырылуы тиіс. Ұлттық қордың активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі айқындаиды.

Ұлттық қордың активтерін орналастыру Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңестің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қаржы құралдарына жүзеге асырылуы тиіс. Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес - материалдық емес активтерді қоспағанда, Ұлттық қорды тиімді пайдалану және оны қаржы құралдарына орналастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Қазақстан Республикасының Президенті жаңындағы консультативтік-кеңес органы.;

көрсетілген Тұжырымдаманың қосымшасында "Ұлттық қордың орта мерзімді кезеңге арналған негізгі көрсеткіштер (2007-2009 жж.)" деген кесте алып тасталын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

H. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК